

"Жеңілдіктер мен преференцияларды берудің, олардың мөлшерлері мен мерзімдерін айқындаудың тәртібі жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтарды" бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті 1997 жылғы 13 маусымдағы N 20 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 20 қазанда тіркелді. Тіркеу N 410. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің 7.08.1998 жылғы N 131 қаулысымен. ~V980579

"Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 ақпандағы Заңның Z970075_7-бабына және Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 5 сәуірдегі N 3445 U973445_Жарлығымен бекітілген "Жеңілдіктер мен преференциялар жүйесі және инвесторлармен келісім-шарттарды жасау кезінде оларды берудің тәртібі туралы ережеге" сәйкес Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған "Жеңілдіктер мен преференцияларды берудің, олардың мөлшерлері мен мерзімдерін айқындаудың тәртібі жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтар" бекітілсін.

Т ө р а ғ а

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар жөніндегі
мемлекеттік комитетінің
1997 жылғы 13 маусымдағы
N 20 қаулысымен
бекітілген

Жеңілдіктер мен преференцияларды берудің, олардың мөлшерлері мен мерзімдерін айқындаудың тәртібі жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтар

Осы әдістемелік нұсқаулықтар "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Z970075_ Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 ақпандағы Заңының 7-бабына және Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 5

сәуірдегі N 3445 U973445_ Жарлығымен бекітілген "Жеңілдіктер мен преференциялар жүйесі және инвесторлармен келісім-шарттарды жасау кезінде оларды берудің тәртібі туралы ережеге" сәйкес әзірленді. Осы әдістемелік нұсқаулықтардың мақсаты Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің (бұдан әрі Комитет) жеңілдіктер мен преференцияларды беруінің тәртібін, олардың мөлшерлері мен мерзімдерін айқындау болып т а б ы л а д ы .

1. Жеңілдіктер мен преференцияларды берудің тәртібі

Жеңілдіктер мен преференциялар инвестициялық жоба "Жеңілдіктер мен преференциялар жүйесі және инвесторлармен келісім-шарттарды жасау кезінде оларды берудің тәртібі туралы ережемен" айқындалған өлшемдер мен шарттарға сәйкес болған жағдайда беріледі.

Жеңілдіктер мен преференциялар инвесторға мынадай кезектілікте беріледі:

- мемлекеттік заттық гранттар
- кедендік жеңілдіктер
- жер салығы бойынша жеңілдік
- мүлік салығы бойынша жеңілдік
- табыс салығы бойынша жеңілдік

Комитет жоғарыда көрсетілген кезектіліктегі әрбір жеңілдікті берген соң жоба экономикасының көрсеткіштерін талдайды және келесі жеңілдікті берудің о р ы н д ы л ы ғ ы н а й қ ы н д а й д ы .

2. Мемлекеттік заттық гранттарды берудің тәртібі және олардың мөлшерлері

Мемлекеттік заттық гранттар түрінде беру үшін көзделген жер учаскелері, негізгі құралдар, өндірістік запастар түріндегі мемлекеттік мүліктің белгіленген тізбесіне сүйене отырып әлеуетті инвесторға экономикалық орындылығын ескере отырып экономиканың басым секторында қызметін жүзеге асыру үшін мемлекеттік заттық грант (бұдан әрі грант) түрінде нақты мүлік немесе мүліктік құқықтар (материалдық емес активтер) берілуі мүмкін.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер ауыл шаруашылығына инвестицияларды жүзеге асыратын инвесторларға ауыл шаруашылығы өнімін

өндіру мен өңдеу процесінде олар жоғары тиімді агротехника мен озық технологияны қолдану шартында жерді тұрақты пайдалануға немесе жерді

уақытша тегін пайдалануға мемлекеттік заттық грант түрінде беріледі.

Мемлекет меншігіндегі жер учаскелерін тегін беру, сондай-ақ жана өндірістік жобалардың құрылысын жүзеге асыру үшін де жүргізіледі.

Инвесторларға берілетін гранттардың мөлшері мынадай көрсеткіш бойынша тікелей инвестициялардың көлеміне тікелей байланысты болады:

N		Тікелей инвестициялардың		Гранттың проценттегі барынша
		көлемі (миллион АҚШ доллары)		көп жол берілетін (тікелей
				инвестициялардың көлемінен)
				мөлшері

1		1-ден аз		50
---	--	----------	--	----

2		1-ден 5-ке дейін		75
---	--	------------------	--	----

3		5-тен жоғары		100
---	--	--------------	--	-----

Жекелеген капиталды көп қажет ететін жобалар бойынша грантты беру кезінде көрсетілген шектеулерді қолданбау туралы шешім қабылдануы мүмкін.

Грант ретінде беру үшін нақты мемлекеттік мүлікті айқындаған соң құзыретті мемлекеттік орган берілетін мемлекеттік мүлікке бағалау жүргізеді. Грантқа жүргізілген бағалаудың нәтижелері Комитетке оның белгіленген мерзімінде беріледі.

3. Импорттық кеден бажынан босатудың тәртібі

Жаңа өндірісті ұйымдастыруды жүзеге асырушы және дайын өнімді экспорттаушы инвестор әкелінетін жабдыққа, шикізатқа, материалдар мен жинақтаушы бұйымдарға кеден бажын төлеуден толық босатылады.

Басқа жағдайларда кеден бажын төлеуден толық босату инвесторға халықаралық экологиялық және технологиялық стандарттарға сәйкес келетін қазіргі заманғы жабдықтар әкелген және инвестициялық жобаны жүзеге асыру үшін қажетті жоғары сапалы шикізат пен материалдар әкелген жағдайда беріледі.

Белгіленген кеден бажының ставкасын 50% дейін төмендету түріндегі кеден бажын төлеуден ішінара босату Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін жабдықтарды, шикізат пен материалдарды әкелу кезінде беріледі.

4. Салық жеңілдіктерін берудің және олардың мөлшерлері мен мерзімдерін айқындаудың тәртібі

Жер салығын төлеуден уақытша босату немесе салық ставкасын төмендету туралы шешім жаңа өндірістік объектілердің құрылысын салу және ауыл шаруашылығын инвестициялау жағдайында қабылданады.

Мүлік салығын төлеуден уақытша босату немесе салық ставкасын төмендету туралы шешім жоғары капиталды көп қажет етуімен, жабдыққа және өндірістік қуаттарға инвестициялармен және инвестициялық жобаны жүзеге асырудың алғашқы жылдарында шығыстары кірістерінен елеулі түрде асуымен сипатталатын жаңа өндірістік объектілердің құрылысын салу жағдайында қабылданады.

Табыс салығын төлеуден уақытша босату немесе салық ставкасын төмендету туралы шешім жаңа жұмыс орындарын құратын, шығарылатын өнімнің көлемін өсіретін, экспортты ұлғайтатын немесе импортты қысқартатын жобалар бойынша қабылданады. Табыс салығы бойынша жеңілдік басқа жеңілдіктер мен преференциялардың берілуі ескеріліп есептік тиімділігі инвесторға салымдарының қажетті ұтымдығын қамтамасыз етпейтін жобалар бойынша беріледі.

Инвестициялық жобаның өлшемдер мен шарттарға сәйкестілігі Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің тиісінше 1997 жылғы 17 сәуірдегі және 1997 жылғы 28 наурыздағы N 12 және 14 қаулыларымен бекітілген "Инвестициялық жобаға сараптама ұйымдастыру мен жүргізудің тәртібі туралы" және "Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті мен инвестордың арасындағы келісім-шартқа сараптама ұйымдастыру мен оны жүргізудің тәртібі туралы" ережелерде белгіленген тәртіпте кешенді сараптамамен айқындалады.

Жобаның негізгі өлшемдер мен шарттарға сәйкестілігіне жоғарыда көрсетілген кешенді сараптаманың нәтижелері бойынша оң қорытынды болған кезде бекітілген инвесторға мынадай шекті мөлшерлерде тікелей инвестициялардың көлеміне байланысты жер салығы, мүлік салығы және табыс салығы бойынша жеңілдіктер берілуі мүмкін:

| жер салығының, мүлік салығының және табыс
| салығының ставкаларын төмендетудің шекті
| мөлшерлері (проценттер)

Тікелей инвестиция. 5 жылға дейін 5 жылға дейін
лардың көлемі бірінші кезең екінші кезең
(миллион АҚШ доллары)

1-ден аз	50	25
----------	----	----

1-ден 3-ке дейін	70	35
------------------	----	----

3-тен 5-ке дейін	90	45
------------------	----	----

5-тен жоғары	100	50
--------------	-----	----

Салық ставкаларын оларды шекті проценттер мөлшерінде төмендету туралы шешім жоба барлық белгіленген өлшемдерге толық сәйкес келген жағдайда қабылданады. Жекелеген өлшемдерге толықтай емес сәйкес келген кезде шекті проценттер төмендетуге ұшырайды, бірақ бұл 50%-тен аспайды. Аталған төмендету: енгізілетін техниканың және технологияның жаңалығы, қазіргі заманғы менеджмент, маркетингтік озық әдістері, менеджерлерді, инженерлік-техникалық қызметкерлер мен жұмысшыларды оқыту мен қайта даярлау секілді өлшемдерге толық сәйкес келмеген кезде жүргізіледі.

Салық жеңілдіктерін берудің мерзімдерін Комитет әрбір инвестициялық жоба бойынша жоба экономикасын талдау негізінде, бірақ жоба сараптамасы бойынша айқындалған өзін ақтайтын мерзімінен аспайтын уақытта айқындайды.

5. Бюджеттік тиімділікті есептеудің тәртібі

Салық және кеден жеңілдіктерін беру туралы шешімді Директорлар кеңесі кірістері инвестициялық жобаны жүзеге асыру кезінде бекітілген инвесторға салық және кеден жеңілдіктерін беру кезінде туындайтын шығыстардан артуы ретінде айқындалған жоба бойынша бюджеттік тиімділік болған кезде ғана қабылдайды.

Кірістер құрамына мыналар кіреді:

- қосылған құнға салынатын салық;
- жеңілдіктер мен преференциялар жүйесіне кірмеген бюджетке түсетін кеден баждары және жобаға сәйкес өндірілген өнімдер (ресурстар) бойынша акциздер;
- жеңілдіктер мен преференциялар жүйесіне кірмеген немесе берілген жеңілдіктердің қолданылу мерзімі аяқталған соң төленген жер салығы, мүлік салығы және табыс салығы;
- жобада көзделген жұмыстарды орындағаны үшін есептелген, қазақстандық және шетелдік қызметкерлердің еңбек ақысынан бюджетке табыс салығынан түсімдер;
- салық заңдарында көзделген басқа да салықтар;
- Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, жұмыспен қамту қорына және жол қорына төлемдер.

Шығыстар құрамына мыналар кіреді:

- жер салығы, мүлік салығы және табыс салығы бойынша жеңілдіктер;
- кеден бажын төлеуден босату.

Бюджеттік тиімділікті айқындау үшін мынадай көрсеткіштер талдауға салынады:

- қосылған құнға салынатын салықтың сомасын айқындау үшін сатып алу және жүзеге асыру бойынша айналымдардың көзделген көлемі;
- ауыл шаруашылығы учаскесінің алаңы, ал ауыл шаруашылығының инвестициялық жобасы үшін бонитет баллдарындағы жердің өнімділігі;
- барлық негізгі құралдардың құны; еңбек ақының жалпы қоры және бір қызметкерге шаққандағы орташа еңбек ақы;
- басқа да көрсеткіштер.

6. Жеңілдіктер мен преференциялардың күшін жоюдың тәртібі

Инвесторға келісім-шарт бойынша берілген жеңілдіктер мен преференциялардың күшін жою туралы шешім Қазақстан Республикасы

Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1997 жылғы 9 сәуірдегі N 8 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторларында инвестициялық қызметті жүзеге асыруға арналған келісім-шарт туралы ережеде" айқындалған қағидаларға сәйкес инвестормен келісім-шарт бұзылған жағдайда ғана қабылданады.

Бұл ретте инвестор келісім-шартқа сәйкес берілген жеңілдік бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында және келісім-шарттың ережелерінде көзделген тиісті айыппұл санкциялары ескеріле отырып, қызметінің бүкіл кезеңіндегі барлық салықтар мен баждарды толық көлемде төлейді, сондай-ақ инвесторға заттық грант түрінде берілген мүлікті немесе заттық гранттың құнын және келісім-шарттың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тиісті айыппұл санкциялары ескеріле отырып ақшалай нысанда осындай қайтаруды жүзеге асырады.